

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**2017-2018 оқу жылындағы**  
**№3 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің**  
**ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

25 қазан 2017 жыл

Сағат 15:00

Ректорат – Сенат залы

Қатысқандар – 26

**Күн тәртібі:**

1. Университетте студенттердің «Әділет» қоғамы туралы *(Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы – Н.Т.Ажиханов)*
2. Мамандықтардың оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілу мониторингі *(Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева)*.
3. Стратегиялық жоспар аясында 2016-2017 оқу жылына факультетте оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуы және 2017-2018 оқу жылына арналған жоспары *(Гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы – С.Ө.Абжалов)*.
4. Әр түрлі мәселелер:
  - 4.1. Бакалавриат бойынша диплом жұмыстарының тақырыбын сараптамадан өткізу туралы *(Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева)*.
  - 4.2. «Педагогикалық шеберлік» мектебінің жоспарын бекіту *(«Педагогикалық шеберлік» мектебінің меңгерушісі – Г.Г.Еркибаева)*.
  - 4.3. Университетте Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту *(Департамент директоры – Е.М.Тулегенов)*.
  - 4.4. «Медициналық білім беруді жаңғырту» Жол карта жобасы бойынша 2017-2019 жылдар аралығына жоспары, жол картасы, желілік картасы *(Жоба менеджері К.С.Бабаева)*.
  - 4.5. «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» Жол карта жобасының сала бойынша жұмыстарының 2017-2019 жылдар аралығына жоспары, жол картасы, желілік картасы *(Жоба менеджері А.А.Сариева)*.
  - 4.6. 2017-2018 оқу жылының 5В130100-Жалпы медицина және 5В130200-Стоматология мамандықтары бойынша Модульдер каталогы мен медициналық білім беру саласындағы педагогикалық стратегияны бекіту *(Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев, Стоматология факультетінің деканы – Юксел Түркөз)*.
  - 4.7.1. Білім алушылардың үлгерімі бойынша курстан курсқа көшіру GPA балын көтеру туралы *(Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев)*.
  - 4.7.2. Медицина факультеті білімгерлерінің өндірістік практикасын ұйымдастыру туралы *(Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев)*.
- 4.8. Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту *(Эксперттік комиссия төрайымы – Ж.И.Исаева, эксперттік комиссия мүшесі – У.Маханбетова)*.

**Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**1.1.** Университетте студенттердің «Әділет» қоғамының құрылуы, жүргізілген іс-шаралары туралы мәлімет ретінде қабылданын.

**Күн тәртібіндегі екінші сұрақ бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**2.1.** Университет мамандықтары бойынша жүргізілген оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілу мониторингі ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы негізінде Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (2 қосымша, 8 қосымша) сәйкестендірілсін (*Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева*).

**2.2.** Мамандықтар бойынша жүргізілетін пәндері негізгі оқулықтармен қамтамасыз ету үшін университет Ғылыми кітапханасына ұсыныстар берілсін (*Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева*).

### **Күн тәртібіндегі үшінші сұрақ бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**3.1.** Гуманитарлық ғылымдар факультеті бойынша Стратегиялық жоспар аясында 2016-2017 оқу жылына оқу-әдістемелік жұмыстарының орындалу есебі қанағаттанарлық деп қабылдансын (*Жауапты - факультет деканы*).

**3.2.** Факультетте Стратегиялық мақсат бойынша орындалмаған индикаторлардың себептері нақтыланып талдау жасалсын, 2017-2018 оқу жылына өсу динамикасы және «қауіпті» тұстары ескерілсін (*Жауапты - факультет деканы, кафедра меңгерушілері*).

### **Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша**

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**4.1.1.** 2017-2018 оқу жылындағы университетте Бакалавриат бойынша диплом жұмыстарының тақырыптары бекітілсін (*Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева*).

**4.1.2.** ҚР Әділет министрлігінде 21.04.2008 жылғы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің №5191 тізіліміне енгізілген «Жоғары оқу орындарында бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің» тәртібіне сәйкес «Бакалавриатта қорытынды аттестаттау мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау немесе мамандық бойынша және екі бейінді пән бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыру» (3-тарау 57 бап) негізделсін:

Студентке мынадай жағдайда дипломдық жұмыстың (жобаның) орнына екі мемлекеттік емтихан тапсыруға рұқсат етіледі:

1) денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтаманың негізінде стационарда ұзақ емделуде (бір айдан артық);

2) бала тууы туралы куәлігінің негізінде 3 жасқа дейінгі балалары бар;

3) ата-аналарының денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамасының негізінде ауру ата-анасын күтуші;

4) мүгедек туралы медициналық анықтаманың негізінде мүмкіндігі шектеулі мүгедек.

Осы ретте, білім алушы жоғары оқу орны басшысының атына өтініш жазады және тиісті құжаттарды ұсынады. Басқа жағдайда дипломдық жұмысты қосымша мемлекеттік емтихандар тапсыруға ауыстыруға рұқсат етілмейді (*Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева*).

**4.2.** Университетте «Педагогикалық шеберлік» мектебі және Үздіксіз білім беру институты бірлесіп жұмыс жасауы мен семинар-тренингтер өткізілуі жоспарлансын (*Жауапты – «Педагогикалық шеберлік» мектебінің меңгерушісі – Г.Г.Еркибаева, Үздіксіз білім беру институты директоры – А.К.Құрбаниязов*).

**4.3.** Университет Ережесі (УЕ-ХҚТУ-021-2017) негізінде Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережесін бекіту үшін университет Сенат мәжілісіне ұсынылсын. *(Жауапты – Департамент директоры – Е.М.Тулегенов).*

**4.4.** «Медициналық білім беруді жаңғырту» Жол карта жобасы бойынша 2017-2019 жылдар аралығына жоспары, жол картасы, желілік картасы және оны жүзеге асыру механизмі 06.11.2017ж. дейін толықтырылып бекітуге ұсынылсын *(Жауапты – Жоба менеджері К.С.Бабаева).*

**4.5.** «Адами ресурстарды стратегиялық басқару» Жол карта жобасының сала бойынша жұмыстарының 2017-2019 жылдар аралығына жоспары, жол картасы, желілік картасы 06.11.2017ж. дейін толықтырылып бекітуге ұсынылсын *(Жауапты – Жоба менеджері А.А.Сариева).*

**4.6.** 2017-2018 оқу жылының 5В130100-Жалпы медицина және 5В130200-Стоматология мамандықтары бойынша Модульдер каталогы мен медициналық білім беру саласындағы педагогикалық стратегиясы университет Сенаты күн тәртібіне бекітуге ұсынылсын *(Медицина факультетінің деканы – С.Қ.Тұртабаев, Стоматология факультетінің деканы – Юксел Түркөз).*

**4.7.1.** ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 25.09.2017 жылғы №06-9/30399-П қызмет хатына сәйкес 1,2,3 курс студенттер үлгерімі бойынша талдау және ұсыныс жасау мақсатында келесі құрамда Жұмыс тобы құрылсын:

Жұмыс тобының жетекшісі – С.Қ.Тұртабаев – Медицина факультетінің деканы;

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Булент Шен - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директорының орынбасары;

2. А.М.Бостанова - Тіркеуші офис басшысы;

3. Юксел Түркөз - Стоматология факультетінің деканы;

4. А.А.Сариева - Дипломнан кейінгі білім беру факультетінің деканы.

**4.7.2.1.** Медицина факультетінің курстар бойынша барлық білімгерлерге өндірістік практиканы ұйымдастыру ерекшеліктерін айқындау үшін келесі құрамда Комиссия құрылсын:

Жұмыс тобының жетекшісі – С.Қ.Тұртабаев – Медицина факультетінің деканы;

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Г.Қ.Жумжаева - Оқу-әдістемелік орталық басшысы;

2. С.М.Мухиддинова – Жұмысқа орналастыру орталығы басшысы;

3. Юксел Түркөз - Стоматология факультетінің деканы;

4. М.А.Сарбасова – Медицина факультеті бойынша өндірістік практикаларға жауапты.

**4.7.2.2.** Медицина факультетінде барлық білімгерлерге өндірістік практиканы ұйымдастыру, кафедра меңгерушілері мен практика жетекшілерінің ұсынысы негізінде: мамандық бейініне, практика түрінің ерекшелігіне, кәсіби стандарттары мен Білім беру бағдарламаларына сәйкес, практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындармен 2-жақты келісім-шарт (өңірлік ерекшеліктерге сәйкес) жасалу қағидалары Комиссия қарауына ұсынылып, шешім қабылдансын *(Жауапты – Комиссия құрамы, кафедра меңгерушілері, практика жетекшілері).*

**4.7.2.3.** Медицина факультетінің курстар бойынша барлық білімгерлерге өндірістік практика есебін қабылдау және бағалау 2016-2017 оқу жылындағы 24.05.2017ж. Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің (№10 хаттама) 2.1-2.4 шешімдері негізінде іске асырылсын *(Жұмысқа орналастыру орталығының басшысы – С.М.Мухиддинова, факультет декандары).*

**4.8.** Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулары тізім бойынша бекітілсін (*Жауапты – Әдістемелік бөлім басшысы – Ж.И.Исаева*).

#### **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ**

1. «Экология және химия» кафедрасының техн.з.к., ХҚТУ профессоры Г.Н.Жылысбаева, х.з.к., проф.м.а. Р.Н.Нұрділлаева дайындаған «Қоршаған ортаны қорғау» атты оқулығын;

2. «Экология және химия» кафедрасының техн.з.к., ХҚТУ профессоры Г.Н.Жылысбаева, х.з.к., доцент А.К.Кабдрахимова, х.з.к., проф.м.а. Р.Н.Нұрділлаева дайындаған «Химия. Лабораториялық жұмыстар жинағы» атты оқу-әдістемелік құралын;

3. «Экология және химия» кафедрасының техн.з.к., ХҚТУ профессоры Г.Н.Жылысбаева, х.з.к., проф.м.а. Р.Н.Нұрділлаева дайындаған ағылшын тілінде «Inorganic chemistry. Collection of experiments» атты оқу-әдістемелік құралын;

#### **ӨНЕР**

4. «Дене тәрбиесі» кафедрасының д.м.а., PhD Б.Омаров дайындаған «Жасөспірімдердің жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеудегі қазақ күресінің рөлі» атты оқу құралын;

#### **МЕДИЦИНА**

5. «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының оқытушысы А.К. Мырзалиев, м.з.к., доцент м.а. Б.С. Бегалиев түрік тілінде дайындаған «*İnsan anatomisi dersinin türk tilinde gören sınıflara özel soru kitapçığı*» оқу құралын;

6. «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының м.з.к., доцент м.а. Б.С.Бегалиев, оқытушы С.Р.Ерғашева ағылшын тілінде дайындаған «*Test Collection on the Fundamentals of general morphology and physiology of the body 1,2*» оқу құралын;

#### **ФИЛОЛОГИЯ**

7. «Ағылшын тілі» кафедрасының ф.з.к., доцент Н.Қ.Айтбаева, PhD докторант Д.Ю.Мутанова, п.з.к., проф. К.М.Беркимбаев, Б.Н.Мейірбеков дайындаған «Қарым-қатынасымызды ағылшын тілінде жетілдірейік» атты оқу-әдістемелік құралын;

**Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.**

**Хатшы**

**Г. Примкулова**